

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ДЕНОТАТИВТІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

\*Аухадиева З.Ж.<sup>1</sup>, Есенова Ә.М.<sup>2</sup>, Кекилбаева Ж.Е.<sup>3</sup>, Нурпеисова Г.М.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Ұсынылып отырған ғылыми мақалада жеңіл өнеркәсіп, оның ішінде текстиль саласында қолданылатын түр-түс атауларының ағылшын, қазақ тілдеріндегі денотативті және құрылымдық ерекшеліктері туралы зерттеудің сипаттамасы берілген. Адамзат мәдениетінде, оның ішінде кез келген ұлттың санасындағы түр-түс атауларына әрқашан ерекше көңіл бөлінген, әлемді, қоршаған ортаны физиологиялық және эстетикалық тұрғыда түйсіну, түс пен реңктік белгілерге деген қызығушылық ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеулерді өзекті мәселеге айналдырып, олардың қолдану аясының артуына ықпалын тигізуде. Флективті және агглютинативті тілдерге жататын ағылшын мен қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының құрылымдық және денотативті сипатын ғылыми тұрғыда қарастыру жұмыстың мақсатын айқындап отыр, себебі түр-түс атауларын тек қана көркем шығармаларда ғана емес, сонымен қатар психология, педагогика, философия, мәдениеттану, медицина, сурет және бейнелеу өнері, текстиль, дизайн, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылық сияқты әр түрлі салаларға пәнаралық негіз болуды қамтитын тілдік бірліктердің қатарына жатқызуға болады. Мақалада әлемдік және отандық тіл білімі саласы өкілдерінің түр-түс атауларының символикалық және танымдық ерекшеліктері туралы жазылған ғылыми-теориялық еңбектеріне шолу жасалды. Зерттеу барысында салыстыру және салғастыру әдісі, мәтіндерде кездесетін түр-түс атауларының құрылымдық ерекшеліктеріне морфологиялық талдау жасау әдісі қолданылды.

Аталған мақаланың жаңалығы - текстиль өндірісінде елеулі маңызға ие болатын түр - түс атаулары мен олардың реңктерінің жасалу жолдарын ағылшын және қазақ тілдерінде салыстырмалы түрде қарастыру заманның ағысына қарай пайда болатын жаңа атаулардың маңызды бағыттарын негіздеу және айқындау. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының, олардың реңктерінің жинақталып, зерделенуі мақаланың ғылыми нәтижесі болып табылады. Ғылыми жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығы зерттеу барысында алынған нәтижелерді тәжірибелік сабақ беру және дәріс оқуда, глоссарий құрастыруда, әдебиет, аударма, ғылыми баяндамалар, мақалалар, дипломдық жұмыстар, түр-түс терминдерінің қатысы бар барлық салаларда, білім саласындағы оқу бағдарламаларын дайындау барысында пайдалануға ұсынылады.

**Тірек сөздер:** денотативті, мағына, реңк, ерекшелік, лингвистика, морфология, символ, лексема, сөзжасам

### Кіріспе

Техника мен технологияның дамыған кезеңінде тіл мен мәдениеттің тоғысуын және әрбір тілдің өзгешеліктері мен ұлттық ерекшеліктерін, табиғаттың берген сұлулығын халықтың санасына жеткізуде түр-түс компоненті бар тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Құрылымы әр түрлі тілдердегі түр-түс атауларының заман ағымына қарай, өзгеріп, семантикалық және морфологиялық, стилистикалық

тұрғыда түрленуі заңды табиғи нәрсе, себебі тілдер де жанды заттар сияқты дамып, тілдік қорымызды байыта түсуіне өз үлесін қосуда.

Бізді қоршаған ортадағы барлық материалдық, материалдық емес заттар түстерінің қабылдау қабілеті арқылы жүзеге асатыны сонау көне заманнан-ақ белгілі. Түстердің айырмашылығын бір-бірінен ажырата алу - адамның көру қасиетінің негізгісі болып табылады. Түр-түстерді белгілеу қоршаған орта құбылыстарымен тығыз байланысты, себебі олар бай символикасымен басқа заттардан ерекшеленіп отырады.

Адамзат өмір сүретін ортада түр-түс категориясының алатын орны ерекше, себебі түр-түс адамдардың жеке, тұлғалық эмоциясының ерекшеліктерімен байланысты, кез-келген уақытта көңіл-күйдің көтерілуіне, түсуіне, индивидумның психологиясына оң әсер етуіне көмектесіп қоймай, ақыл-ойды, сана-сезімді бақарып отыратын қасиетке ие. Қазіргі уақытта түр-түс атаулары қамтылмайтын бірде-бір сала жоқ.

Әрбір тілдің сөздік қорында халықтың ұлттық ерекшеліктерін, тұрмысы мен дәстүрлерін неғұрлым толық және айқын бейнелейтін лексикалық бірліктердің бар екенін ескеру қажет [1, 10 б.]. Мұндай лексемаларға айналамыздағы заттардың түсін анықтайтын есім сөздерді жатқызуға болады. Жеңіл өнеркәсіп саласында, оның ішінде текстиль өндірісінде түр-түс сапасын бақылау, өнімді әзірлеу және өндіру, оны жарнамалап, нарыққа шығарып сату үшін маңызды болып табылады.

Әрбір адам киім немесе мата таңдағанда ең бірінші түсіне, сосын сапасына көңіл бөледі, тіпті Европа елдерінде ауыл шаруашылығында істейтін қарапайым жұмысшылардың өзін алдымен түстерді ажырата алатын қабілетін тексергеннен кейін жұмысқа алады екен, сондықтан түстерді ажырата білудің де адам өміріндегі әлеуметтік әлеуеті де өте зор.

## **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Жеңіл өнеркәсіп саласы, дизайн, текстиль өндірісіне арналып жазылған мәтіндердің ішінде түр-түсті белгілейтін сөздер мен сөз тіркестер, терминдер жиі кездеседі, әсіресе текстиль өндірісінде түр-түске ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ғылыми жұмыста ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түсті білдіретін сын есімдердің реңктерін салыстыру әдісі, ал олардың құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу морфологиялық талдау әдісі арқылы, материалдарды саралап, бір жүйеге келтіру шетелдік және отандық ғалымдар Г.Гельбиг, Я.Шрёдер, А.М.Щербак, К.В.Мартынок, А.Д.Туманова, А.А.Васильева, Ж.Ж.Есеналиева, Копыленко, А.Е.Карлинский, М.Т.Сабитова, Қ.Рысалды, С.К.Сатенова, М.М. Копыленко, Р.Е.Валиханов ұсынған әдіснамалық стратегия арқылы жүзеге асырылды. Салыстыру әдісі негізінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі негізгі және реңкті білдіретін түс атаулары айқындалып отыр. Мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түсті, реңктерді сипаттайтын сөздер J.Simpson, E.Weiner басшылығымен жасалған «The Oxford English» және Р.Ф.Сыздықова, Қ.Ш. Хұсайн құрастырған «Қазақша-орысша» сөздіктерінен іріктеліп алынды.

### **Нәтижелер**

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түс атауларының денотативті және құрылымдық сипатын талдау арқылы негізгі роль атқаратын 22 (11 ағылшын тілі+11 қазақ тілі) түр-түс сөздері анықталып, олардың 240 (182-58) реңктерінің бар екені дәлелденді. Ағылшын тілінде *brown, black, red, rose*, қазақ тілінде *ақ, қара, көк, қоңыр* сияқты түс кодтары өте кең үйлесімділікке ие және түсі қажет кез келген нысандардың атауларымен көптеген тіркестерді құра ала отырып, денотативті мағыналы сөйлем мүшелерінің ролін атқаратыны белгілі болды.

Қазіргі ағылшын тіліндегі түс атауларын жіктеудің ерекшеліктері айтарлықтай тармақталуымен және күрделілігімен сипатталады, әсіресе түс реңктерінің атауларын бір жүйеге келтіру және қайсысы нақты түсті көрсетіп тұрғанын да дәлелдеудің өзі оңайға түспейтіні анық, осындай қиындықтардан құтылудың жеңіл тәсілі ретінде ағылшындар түрлі түсті заттардың бояуларына қарап шамалап болса да түстерді ажыратып және сол заттың атауын түс атауы ретінде қолданып отырған, әрине ол әрбір адамның болмысты, айналадағы құбылысты, табиғатты, материалдық құндылықтарды қалай қабылдайтынына байланысты болуы керек. Ағылшын тіліне қарағанда қазақ тілінде түс атауларын басқа заттардың түсімен салыстыра отырып қабылдау дәрежесі басқаша және аталған өзгеріс ақырындап тілімізге енуде.

### **Талқылау**

Дүние жүзінің көптеген тілдерін зерттей отырып, лингвист ғалымдар мен этимологтар негізгі түр-түсті анықтау адамдардың нейрофизиологиялық қабылдау ерекшеліктеріне байланысты екенін дәлелдеп және олардың символикалық жүйесін дамытудағы бірқатар әмбебап белгілерді айқындап берді.

Әлемде кең таралған ағылшын тілі мен түркі тілдері ішіндегі сөздік қоры мол тілдердің бірі - қазақ тілінде жиі қолданылатын *white-ақ, green-жасыл, black-қара, blue-көк, yellow-сары, red-қызыл, grey-сұр, brown-қоңыр, purple-күлгін* атаулары нақты, яғни денотатты мәні бар лексемалар түрінде қарастырылып отыр. Талқыланатын толық мағыналы сын есімді тіркестер топтың негізгі өзегін құрай отырып, бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысып, үстеме мағынаға ие болады. Мысалы, *gray-and blue, gray-green, red-orange, yellow-and-orange, боз ала, қара қызыл, күлгін көк* сияқты тіркестерде нақты мағынасы бар сөздердің қосарлана келіп басқашалау реңкке бейімделетінін байқадық.

Адамдар тұтынатын бұйымдардың ең қажеттісі киім-кешек, мата сияқты заттарға қатысты сөздермен тіркескен түс атауларының қоғамдық-әлеуметтік мәні, салт-дәстүрімізден белгі беретін символдық атаулар ретінде белгілі. Мәселен, «*ақ орда*», «*ала жіп*», «*ақ жаулық*», «*көк ту*» т.б. ұғымдары қазақ халқы өміріндегі саяси, рухани құндылықтарды дәріптейтін ұғым, «*ақ-қара*» сияқты сын есімді тіркестер тура мағынасында қолданылып оппозициялық қатарды құрайтын тіркестер қатарына жатады.

Түстерді тануда ғылыми көзқараспен түс атауының сәйкестігі ерекше назар аударуға тұрарлық. Халықтық дәстүр деп танылған түр-түстердің атаулары «атау» деп, ал ғылыми тұрғыда оларды «термин» деп атаймыз» деп ұсынған екен белгілі ғалым Ә.Т. Қайдаров» [1, 48 б.]. Түр-түстің тіл білімі саласында ғылыми тұрғысынан қарастырылуын – Л. Уроф, А. Мэтьюз, Р. Фрумкинамен, ал түркі семьясына жататын тілдерді – А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, А.М. Щербактың т.б. есімдерімен және зерттеулерімен байланыстырамыз. Кей, Пол и Терри Риджер «Әмбебап түстер атауы туралы мәселені шешу» атты зерттеуінде тілдер түр -түстерді бірдей жіктей ме, әлде бұл категория қоршаған ортаны қабылдауға немесе адамның танымына байланысты әр түрлі тілдерде түрліше өзгеріске түсе ме деген сұраққа жауап іздеген және түр-түсті білдіретін сөздер айтарлықтай әмбебап болып келеді деген тұжырымдамаға тоқтаған. Түс концепциясын зерттеу саласындағы тақырыптың жоғары дәрежеде дамуы философия ғылымында Г.В.Гегель, В.Ф. Шеллинг, Ф.Шлегель, А.Шопенгауэрдің еңбектерінде теоретикалық тұрғыда көрсетілген.

Delwin T. Lindsey, Angela M. Brown зерттеуінше өз ана тілінде адамдар шамамен 106 әртүрлі түстерді ажырата алады екен. Неміс ғалымы Г.Иегер түс терминдерін қарапайым және мономорфемиялық бірліктер қатарына жатқызып, олардың тіларалық әмбебаптығы мәселесін сәл басқа қырынан қарастырған.

Ал қазақ тілінің когнитивтік тіл білімі саласына келсек түр-түс атауларын символикалық және концептуалдық, танымдық тұрғыдан зерттеген Н.Н. Аитова мен Ш.Қ. Жарқынбекованың ғылыми жетістіктерін айта кету керек.

Ұ.Серікбаева, М.Нұржігітова, Ф.Ахметжанова фразеологизмдік тіркестерде кездесетін түр-түс атауларының ерекшеліктеріне зерттеу жүргізген. Қарастырылып отырған ғылыми жұмыста текстиль саласында

кездесетін мәтіндердегі денотативті, яғни тура және негізгі мағынада жиі қолданылатын түр-түсті білдіретін басты 11 сын есім және сын есімді тіркестер қарастырылды. Ағылшын тіліндегі сын есімдер А.П. Василевич жүргізген зерттеуге сәйкес 3,5 мыңнан астам түсті сын есімдер тіркелді, бірақ белсенді сөздікке тек 254 сөз кірген. Аталған 254 түс белгілерінің ішіндегі ең жиі кездесетіндері -11 сын есім: «*white, black, red, brown, green, blue, yellow, orange, rose, grey, purple*» [2, 220 б.]. Редкозубова Е.А., Пантелеева Е.А. айтулары бойынша косметика өндірісінде пайдаланылатын 83 қосалқы бояулардың ішінен тек түбір сөздерден тұратын 15 атау негізгі түс ретінде қарастырылған, оларды бірнеше тақырыптық топтарға бөліп бір жүйеге келтірген және ең үлкен топқа «гүл» атауымен байланыстырған түр-түс лексемаларын жатқызған [3,71 б.]. Р.М.Фрумкина есімді орыс тілінің маманы түрлі түстерді ажыратудың негізгі жолы олардың атаулары деп санайды. Кейбір атаулар тіпті әртүрлі мәдениеттер туралы маңызды нәрселерді көрсете алады. Кейбір адамдар сұр түсті ең маңызды түс деп санайды, ал басқалары олай емес дейді. Сондай-ақ, тек 11 түстің негізінде басқа реңктердің атаулары жасалған деп есептеледі [4, 42 б.].

Лингвистер негізгі сын есімге жатқызуға мүмкіндік беретін бірнеше жолдарын ұсынады:

1) жиі қолданылу процесі;

2) морфологиялық тәсілі бойынша түр-түс атаулы сөздер бір құрамды, екі компонентті және көп компонентті болуы;

3) лексемалардың контекстегі үйлесімділігі.

Берлин В., Кау Р. сияқты лингвист ғалымдар «Негізгі түс терминдері. Олардың әмбебаптығы мен эволюциясы» атты еңбегінде тілдер эволюциясы дамыған сайын қатаң белгіленген бірізділікпен жаңа түр-түсті білдіретін терминдерді жасап отыратынын анықтаған, яғни тілге кез келген кезеңдегі қолданыста болған түр-түс атаулары кіріп сөз қорын байытып отырады екен, соның арқасында негізгі роль атқаратын 11 түрлі түстің анықтамасын берген.

Ағылшын тілінде жиі кездесетін негізгі 11 түс компоненті бар сөздерді зерттей келе, олардың реңктері басқа сөздер арқылы жуықтап болса да берілетіні белгілі болды [5].

Мәселен, *brown* лексемасының реңкі 24 сөз (*beige, ecru, rust, maroon, fawn, khaki, caramel, latte, syrup, fawn, oyster, oat, granola, flaxen, mocha, pecan, wood, hickory, hazelnut, walnut, peanut, gingerbread, sandcastle, sand dollar*) арқылы беріліп отыр. **“Colors that go with beige – 30 chic color combinations. She wore a beautiful maroon dress. Their kitchen cabinets are made of walnut. Pecan trees may live 300 years. Where is she now, that girl with flaxen hair?».** Ұсынылған мысалдардағы сын есімдердің барлығы *brown* сөзінің денотативті мағынасын шамалап көрсетіп отыр.

*Black* атауының реңкі 23 сөз (*black, ebony, crow, charcoal, pebble, lead, coin, fossil, midnight, ink, oil, grease, onyx, pitchy, soot, jade, spider, leather, sable, jet black, coal, metal*) арқылы анықталып отыр, берілген сөйлемдердегі сын есімдер дәлел бола алады. «*She has a black jacket. A jade jewelry sourced from Burma. What is the meaning of ebony skin? The pebble beach was covered*

with tourists. A *grease gun* is a common workshop. We stood staring into the *pitchy* dark forest».

*Red* лексемасының реңкін 21 сөз (*red, auburn, burgundy, berry, cherry, rose, crimson, currant, spice, sangria, scarlet, ruby, yam, garnet, merlot, mahogany, blood, jam, apple, brick, wine*) көрсетіп отыр, мысалы: «The *burgundy* takes its name from the Burgundy wine in France. I like the *rose* dress. *Mahogany* furniture is very expensive. He wore a *crimson* robe. She wore a necklace with a large *garnet* pendant».

*Rose* лексемасының реңкін 20 (*magenta coral, raspberry, salmon, flamingo, ballet sleeper, rosewood, taffy, pink, hot pink, rose, crepe, rouge, blush, coral, peach, punch, fuscia, magenta*) сөз білдіреді, мысалдармен дәлелден көрейік. «She bought a *rosewood* chair for her living room. I found a *raspberry* dress. The coral colored ones are my favorite, though the white ones are stunning too. He wore a magenta robe tied with a silver belt».

*Purple* лексемасының реңкі 12 (*lilac, purple, lavender, plum, violet, amethyst, boysenberry, mauve, heather, orchid, periwinkle, iris*) сын есімді сөздер арқылы көрсетіліп тұр, мысалы: «The *lilac* bushes are in full bloom. She wore a *violet* dress to the party. She wore a *periwinkle* dress. I like a very trendy *mauve* color».

*Green* лексемасының реңкін 18 (*emerald, olive, lime, fern, mint, chartreuse, juniper, sage, sea foam, shamrock, pine, pear, pickle, parakeet, moss, seaweed, crocodile*) сөз жуықтап болса да белгілеуде, мысалы: «Deep *emerald* dress is the best option for such a solemn occasion. She finished her own shopping by pushing the lid a little further off the *pickle* barrel and dipping out an enormous specimen with the tongs. Here is the recipe for old-fashioned *sea foam* candy. My daughter found a lot of *pine* cones in the forest».

*Grey* лексемасының реңкін 16 (*grey, silver, ashen, platinum, pewter, dove, slate, shadow, cloud, fog, anchor, graphite, flint, ash, porpoise, tortilla*) сөз дәлелдеп отыр. «She wore a *silver* necklace. We need an *anchor* pin and a trip wire. Her sophomore album is verging on triple *platinum* sales. **The house has a slate roof**».

*White* лексемасының реңкін 14 (*Ivory, cotton, pearl, eggshell, snowy, salt, alabaster, daisy, powder, rice, coconut, lace, parchment, porcelain*) сөз анықтай алады екен, мысалы: «The bride wore white with a *pearl* headdress. The *alabaster* color is a popular household shade due to its soothing qualities and easy pairing qualities for interior design layouts».

*Yellow* лексемасының реңкін 13 (*golden, amber, sand, saffron, cream, bumblebee, banana, blond, corn tuscan sun, butterscotch, medallion, sandstone*) сөз көрсетеді, мысалы: «Sadako looked at the *golden* paper crane that her best friend Chizuko had made for her. Rack of lamb I like, in a Persian restaurant, with lots of *saffron* rice. The *sandstone* colour is my choice».

*Blue* сөзінің реңкін 12 (*navy, turquoise, azure, aquamarine, arctic, cobalt, admiral, sapphire, sky, cerulean, teal, lapis*) сөз арқылы бере аламыз, мысалы: «She wore a *turquoise* necklace. She wore an *azure*-coloured coat. A large diamond shone on a *sapphire* ring».

*Orange* лексемасының реңкін 9 (*copper, flame, tangerine, cantaloupe, apricot, pineapple, lemon, carrot, honey*) сөз арқылы жеткізуге болады екен. «He wore a fresh light grey suit, an immaculate *lemon-coloured* shirt and an elegant bowler hat.. The colours are striking: *honey-coloured* stone against the deepest of Mediterranean blues».

Дегенмен де, түр-түстерді, олардың реңктерін анықтау - бұл өте субъективті ұғым деп есептейміз, сол себепті түстер спектрін нақты бөлуге болмайтын сияқты, бір түсті әр адам өзінше қабылдауы мүмкін.

Қазақ тілінде түстердің 70-тен астам түрлі атаулары бар екен. Негізгілері 30, ал басқалары 40-тан асады. А.Тоқтаубай бір мақаласында жылқының түсіне қатысты 300-ге жуық сөз бар екенін айтады. *Құла, шабдар, тарғыл, күрең* түстері қазақ халқы үшін өте маңызды, мағыналы деп қорытынды шығарады [6].

Кейбір ғалымдар қазақ тіліндегі түр-түске байланысты сөздердің санын анық көрсетпейді. Тіл білімінің қыр-сырын жан-жақты қарастырған ғалым Қайдаров А. қазақ тілінде түр-түс символикасына байланысты сөздердің саны мыңнан асып жығылады, бірақ олардың тек он бірі ғана негізгі түр-түстер қатарына кіреді деген пікірді ұсынады, оларға: *ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, көк, көгілдір, күлгін, қоңыр, боз, сұр* жатады [1,108]. Ұсынылған 11 атауларды басшылыққа ала отырып, олардың реңктеріне тоқтала кетсек, *ақ* түсті білдіретін сын есімінің 9 (*ақ сары, ақ сұр, ақ ала, ақ көк, ақ боз, ақ жағал, ақ бөрте, ақ шұбар, ақ шұлан*) реңкі, *қара* сөзінің 8 (*қара көк, қара қызыл, қара күңгірт, қара қошқыл, қара күрең, қара ала, қара қоңыр, қара сұр*), *көк* сөзінің 8 (*көк ала, көк сұр, көк боз, көк жасыл, ақшыл көк, қара көк, күлгін көк, аспан көк*), *боз* сөзінің 6 (*боз ала, боз қасқа, боз шұбар, боз қоңыр, ақ боз, қылаң боз*), *сары* лексемасының 5 (*сары ала, сары жағал, сары жалқын, ақ сары, ашық сары*), *сұр* сөзінің 5 (*ақ сұр, қара сұр, күңгірт сұр, ашық сұр*) *қоңыр* сөзінің 5 (*қоңыр қошқыл, ашық қоңыр, қара қоңыр, күңгірт қоңыр, қызыл қоңыр*), *қызыл* 4 (*қызыл ала, қызыл сары, қызыл қоңыр, қызыл жасыл*), *жасыл* 4 (*көк жасыл, ашық жасыл, күңгірт жасыл, қара жасыл*), *күлгін* лексемасының 4 (*күлгін көк, күлгін қызыл, күлгін сары, күлгін қоңыр*), *көгілдір* 1, *райхан гүл* түсінің 1 ғана (*алқызыл* немесе *қызғылт*) реңкі бар екенін айқындадық, әрине бұлардың барлығы тек тура мағынасында қолданылған сын есімдер екенін айта кету керек [7, 37-738 б.].

Қарастырылған түр-түсті білдіретін сын есімдердің саны мен сапасын салыстырсақ ағылшын тіліндегі бір ғана *brown* атауын 24 жай және күрделі сөздермен сипаттауға болады, ал қазақ тіліндегі *қоңыр* сын есімінің реңкін тек қана 5 күрделі сөздер арқылы сипаттауға болатынына көз жеткіздік. «... қазақ тіліне келетін болсақ, түр-түс атауларының сан жағынан қаншама көп болғанымен, сұрыптай келгенде бір топ негізгі, тірек сөздің шеңберінде қалып қояды екен. Қалғандарының бәрі ұйытқы болып отырған осы 20 шақты түбір сөздің негізінде дамып (*көк – көгілдір, көкше, көкшіл* т.б.) туынды түбірге немесе сөз тіркесіне (*қара көк, күлгін көк, ақшыл көк* т.б.) айналған жай және күрделі атаулар болып саналады» [8, 6 б.]. Келтірілген мысалдар аталған пікірмен келісуге болатынын көрсетіп отыр.

Екі немесе одан да көп сөзден құралып бір түсті мағынаға ие сөздердің ерекшеліктерін санамызда дұрыс түйсіну үшін олардың жасалу жолдарына талдау жасауымыз керек.

Ағылшын тілінде күрделі сын есімдер болып келетін түр-түс атауларының ең көп таралған тобын олардың түбірінен пайда болған сөздер құрайды, мұндай лексемалар тіркесіп те, бірігіп те жасала береді, тіпті кейде дефис және дефиссіз де қолданыла береді. Мәселен, «He was wearing a *dark-grey* puffer jacket. Marie wore a *pale blue* dress. *Bright blue gray, navy blue and dark brown* are your colors this year and try to wear accessories in lily white color» сөйлемдеріндегі «*dark-grey, pale blue, dark-and light-blue, navy-blue, dark-brown*» тіркестеріндегі *dark, pale, navy* өздерінен кейін тұрған есім сөздерге қосымша реңк беріп, анықтап тұр. Мысалы: мына сөйлем осыны айқындап тұрғандай. «After five seasons of wearing dark-and light-blue-striped shirts, the team changed their home back to *tangerine* colours». Ағылшын тіліндегі сын есімдердің құрамына модификатор сөздерінің көмегімен пайда болатын түс белгілері кіреді. Ағылшын тілінде *pale, bright, dark, light, deep, shocking, vivid, moderate, pastel, soft, dull, dirty, mat, virulent* сияқты модификаторлар жиі қолданылады. Бұл модификаторлар, А.П.Василевичтің пікірінше, белсенді сөз бірлігі болып табылады [5]. Қазақ тілінде түр-түсті білдіретін лексемалардың мағынасын күшейтіп немесе әлсіретіп, керек кезде нақтылап тұратын модификаторлар да баршылық, мысалы *ашық, күлгін, күңгірт, аспан, шымқай, қою, өрттей, мөлдір, мұздай, айқын, солғын, қан* сөздері және кейбір контекстерде түс атауларының өздері модификатордың ролін атқара береді, *қызыл* ала, *көк* жасыл, *ақ* сары, *күлгін* қоңыр тіркестеріндегі екі сын есім де негізгі түс белгілері болып табылады, біріншісі бояуды көрсетуде басты роль атқарады, мысалы: «...Жанына бір *шымқай* қара костюм киіп, желке шашын тықырлатып алғызған жас мырза еріп келді. Кешке арналған *күлгін* көйлекті *қою* қара жакетпен немесе керісінше киген абзал. Мектепке барлығымыз біркелкі *ашық* түсті жейде киеміз».

Жоғарыда келтірілген мысалдардың басым бөлігі есімді тіркестер болып келеді де, бірде дефис арқылы немесе дефиссіз ақ қолданыла береді, бірақ аталған ерекшелік ағылшын тілді елдердің жазу ережелеріне байланысты болуы керек [9, 25 б.].

Ағылшын тіліндегі түр-түсті білдіретін лексемалардың көбісі түбірлі сөздерге *-ish, -y, -en* сияқты әр түрлі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалып, тілдік қордың тұрақты дамып отыруына үлес қосып отырады. *-Ish* жұрнағынан пайда болған туынды сын есімдер негізгі түс туралы мағлұмат бермей, соған жуықтау мағынаны білдіреді. *Reddish-tending towards red*-қызылдау-қызыл түске бейім, *yellowish-somewhat yellow*-сарғыш-аздап сары, *brownish-somewhat brown*-қоңырқай - аздап қоңыр, ал *-y* және *-en* жұрнақтары бар сөздерге келсек әрқашан түстермен байланыстырылған заттардың атауларынан жасалады мысалы, *sooty-black like soot* - күйе - қара күйе тәрізді, *sandy-yellowish brown in color like sand*-күм сияқты сары-қоңыр, *leaden*-having the color or appearance- қорғасын түстес шамалы деген мағыналарды білдіреді. Аталған ерекшеліктерді мына мысалдардан байқауға болады: «A white



or *reddish* dorsal stripe is usually present. It is a *yellowish* colour and quite soft. The color ranges from dark gray to a *sooty* bluish-black. The *leaden* uniform of the soldiers blended into the gray landscape».

Ағылшын тіліндегі түр-түсті білдіретін лексемалардың шырай категориясында тұрып түстерді бір-бірімен салыстырып немесе күшейтіп көрсететін ерекшеліктерін айта кету керек, «Bring me my wrangles, my *yellowiest* shoes, and the old green Hamburg. It was *blacker* than the others and *deeper*» сөйлемдеріндегі *-er* жұрнағы салыстырмалы шырайды, *-est*, *-st* күшейтпелі шырай жұрнақтарының белгісі ретінде қарастырылып отыр.

Қазақ тілінде кейбір жекелеген түр-түс атаулары туынды сын есімдер түрінде кездеседі және олар түрлене келе шырай категориясының формасына еніп, түстердің артықшылықтары мен әлсіздігін салыстыра көрсету үшін *-ша/ше*, *-шыл/шіл*, *-дау/деу*, *-ғылт/гілт*, *-қай*, *-ғыш/гіш*, *-ғылтым*, *-рақ/рек* сияқты жұрнақтарын жалғайды: *көк-ше*, *ақ-шыл*, *жасыл-дау*, *қоңыр-қай*, *сар-ғыш*, *боз-ғылтым*. «Ұзын *қоңырқай* плащ киген, басында көнетоздау *қаралау* қалпағы бар, *бозғылтым* сақал-мұртын ұқыптап бастырған кісі әлденені күле әңгімелейтін сияқты. Тұмансыз, ауаның түсі *көкшілдеу* түске боялып, ауада улы газдар тарайды. *Ағырақ* - солғын ақ түс». Түр-түс атауларының бір-бірінен артық немесе кем екендігін білдіретін күшейтпелі буындардан тұратын сын есімдер дефистің(-) көмегімен жазылады, мысалы, *қоп-қоңыр*, *жап-жасыл*, *қып-қызыл*, *сап-сары*, *қап-қара*, алайда *ақ*, *көк* сөздерінен жасалған *аппақ*, *көкпеңбек* лексемалары қазақ тілінің жазу емлесіне сәйкес бірге жазылады, мысалы «*Жап-жасыл* – жасыл түстің қанығы, *сап-сары* сары түстің қанығы».

Ағылшын және қазақ тілдерінде түр-түсті атауларын жасайтын ең өнімді тәсілдерінің бірі – сөздердің бірігуі арқылы жасалатын сөздер десек қателеспейміз. Біз мысал ретінде қарастырған түс атауларының ішінде біріккен сөздер, әсіресе бірнеше түбірдің қосылуы арқылы пайда болған

бір, екі және үш компонентті түс атаулы сөздерді кездестіруге болады, мәселен *skewbald-теңбіл* немесе *ала* деген мағынаны білдіріп отыр. *Gingerbread* атауына *жанжәбіл* сөзі, ал *butterscotch* лексемасына *сарыгүл* тіркесі сәйкес келіп тұр, *hazelnut* сөзі *орман жаңғағы* деп аударылады, бұндай түстерге байланысты екі компонентті сын есімді тіркестер үшкомпонентті тіркестерге қарағанда жиі кездеседі, бірақ аса көп емес.

Ағылшын тілінің тағы бір ерекшелігіне «and» жалғаулығы арқылы жасалған күрделі түс атаулы сөздері де жатады, мысалы: «*black and yellow, pink and green, red and white, brown and grey, beige and black, blue and red*» деген күрделі түс атауларын білдіретін сөз тіркестерін құрап отыр. «It is comprised of *black and yellow* tones that contrast and enhance each other. The main colors of new collection are *red and white*. The Dolorosa frequently wears a combination of *blue and red*». Берілген мысалдардан байқағанымыз адамның өз қызметінің әртүрлі салаларында түс пен реңк белгілерін белсенді қолдануы тілдегі түс категориясының тұрақты дамуында көрінеді, яғни түс атаулары бір-бірімен тіркесіп келіп, ағылшын тілінде жаңа түс категорияларын қалыптастырудың жолдарын анықтауға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн және өзінің шекаралары мен қолдану аясын кеңейтіп отырады.

Қазіргі уақытта ағылшын тілінде табиғат байлықтарын түс атауларымен байланыстыру кең таралған тәсілдерінің бірі – әр саланың зат түсіне қарап оның атауын түр-түс ретінде пайдалану жиі кездесетін үрдістердің бірі, мысалы жеміс-жидектер атаулары: *olive lime, lemon, raspberry, mulberry, plum, pear, peach, apricot*; өсімдіктер әлемінде кездесетін гүлдер және ағаш атаулары: *orchid, lavender, lilac, rosewood, mahogany, wood*; минералды заттар мен тас атаулары: *ocher, indigo, aquamarine, desert sand, amber, emerald, jade, amethyst, silver, gold, coral, bronze, sapphire*; тағамға қатысы бар сөздер: *chocolate, sugar cookie, butter, buttermilk, shortbread*; омыртқалы жануарлар: *crocodile, tortilla*; балық түрлері: *salmon, porpoise*; табиғат құбылыстары: *cloud, fog, arctic*. Ең қызығы, келтірілген мысалдардың көбісі өсімдік және тас аттарына байланысты пайда болған салыстырмалы түс атаулары. Мәселен, нефрит тасының түсіне қарап «*jade*» сөзі пайда болған, негізгі мағынасы-қызғылт, жасыл, сары қосындылары бар сарғыш немесе ақ реңкке ие болатын түс атауы және құрамы жағынан өте күрделі қоспа. «*Amethyst*» лексемасы аметист минералының күлгін түсіне сәйкестендірілген атау екені белгілі болды, айта кететін жайттардың бірі және ең көп қолданылатын түр-түс атаулары тобын өсімдіктер атаулары құрайды екен. Ал қазақ тілінде бұндай кең таралған үдеріс байқалмайды, біз бір нәрсені салыстыра немесе әсірелеп суреттегенде «*бидай өңді*», немесе «*мойылдай қара көздері бар*», «*маржандай тістері*», «*алтын сары тістері*» сияқты тіркестерде көкөніс, жеміс-жидек, қымбат тас атауларын қолданамыз, бірақ көп емес, *тасбақа, қолтырауын, дельфин, айран, алмұрт немесе теңіз, бұлт* түстес деп айта алмаймыз, дегенменде түсін бір қалыпта өзгертпейтін *лимон, көмір, аспан, кофе* сияқты зат есімдерге *түстес* сөзін қосып қолданысқа енгізе берсек қазақ тілінің сөздік қорын дамытар едік деген ойдамыз.

Адамзат мәдениетінде түр, түс, реңк әрқашан үлкен мәнге ие болған, әлемді философиялық және эстетикалық тұрғыда түсінуге жол ашқан. Түс пен түс белгілеріне деген қызығушылық жойылмайтындығына байланысты, осы тақырыпқа байланысты ғылымның әртүрлі салаларындағы зерттеулердің саны арта түспек.

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, ағылшын тілі мен қазақ тілінде сөйлейтін және ойлайтындардың дүниетанымы мен когнитивтік көзқарастары түс атауларымен тығыз байланыста екенін байымдауға болады. Әлемнің тілдік бейнесін түзу де түс компонентінің атқаратын рөлінің кем емес екендігі аңғаруға болады. Әр ұлттың түсінігінде, дүние танымында түр-түстің таңбалануы адамдардың психологиясы мен физиологиялық ерекшеліктеріне және қабылдау түйсігіне байланысты.

Қазіргі уақыта түр-түс атауларының құрылымдық және денотативті сипатын зерттей келе, кез-келген тілдегі ерекшеліктер әр халықтың әлемді танып білуінде, түйісінуінде, табиғат пен қоршаған ортадағы заттар мен құбылысты қабылдауында деп білеміз. Өйткені түр-түсті білдіретін кез-келген лексема дүние жүзі елдерінің сөз, сөйлеу мәдениетінен ақпарат береді, тіл

байлығы, сөздік қоры қаншалықты көлемді екені туралы мағлұмат береді. Ағылшын тілі мен түркі тілдес қазақ тілін салыстыра отырып, түр-түсті білдіретін сөздердің ұлттық санамызда қалай қалыптасып, тілде қандай өзгерістерге түскенін байқадық.

Осылайша құрылымы әр түрлі екі тіл мәдениетінің табиғатын ашып ең бірінші түстердің түрін атайтын сөз пайда болғаннан кейін ғана түр-түс атауларының қолданыла бастады деген пікірге келдік.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қайдаров Ә.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Кітап баспасы. – 1986. – 106 б.
- [2] Василевич, А.П. Цвет и его название. Развитие лексики цветообозначения в современной России. – 2005. <http://www.rffi.ru/> 11.10.2021
- [3] Redkozubova E.A., Pantaleeva E.A. Secondary color terms in British beauty products: structure, semantics, word-formation // Proceedings of Southern Federal University Philology. Rostov-na-Donu, 2020. – P. 67-75.
- [4] Фрумкина Р.М. Цвет, смысл, сходство. – М.: Наука. 1984. – 174 с.
- [5] Василевич А.П. К методике сопоставительного исследования: на примере лексики цветообозначений // Вопросы языкознания. – 1986. – №3. – С. 103-110.
- [6] Тоқтаубай А. Тұлпарлар театры // Егемен Қазақстан газеті, 2003. Тамыз (№ 219-222)
- [7] Сыздықова Р.Ф. Хұсайн Қ.Ш. Қазақша-орысша сөздік. – Алматы, 2001. – 1005 б.
- [8] Айтқожа С. Ағылшын мәдениетіндегі «white» (ақ) түстің ұлттық-мәдени сипаты. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки». – Алматы, 2011. – №2(36). – С.12-15.
- [9] Власова Е.А. Символика цветообозначений в британском и американском вариантах английского языка: автореф. дисс. ... канд. филолог. наук: 10.02.04. – М., 2008. –24 с.

### REFERENCES

- [1] Kaydarov Ә.Т. Syırǵa tolyı tır men tıs [Earring full of type and color]. – Almaty: Kitap, 1986. – 106 b. [in Kaz.]
- [2] Vasilevich A.P. TSvet i ego nazvanie. Razvitie leksiki tsvetooboznacheniya v sovremennoy Rossii [Colour and its name. The development of the vocabulary of colour designation in modern Russia]. – 2005. <http://www.rffi.ru/11.10.2021> [in Rus.]
- [3] Redkozubova E.A., Pantaleeva E.A. Secondary color terms in British beauty products: structure, semantics, word-formation // Proceedings of Southern Federal University Philology. – Rostov-na-Donu, 2020. – P. 67-75.
- [4] Frumkina R.M. TSvet, smysl, shodstvo [Color, meaning, similarity]. – М.: Nauka, 1984. – 174 s. [in Rus.]
- [5] Vasilevich A.P. K metodike sopostavitelnogo issledovaniya: na primere leksiki tsvetooboznacheniy [On the methodology of comparative research: on the example of the vocabulary of color meanings] // Voprosyi yazyikoznaniya. – 1986. – №3– S. 103-110. [in Rus.]
- [6] Тоқтаубай А. Тұлпарлар театры [Tulpar theatre] // Egeмен Қазақстан газеті, 2003. Tamyiz (№ 219-222)
- [7] Syizdykova R.F. Қ.Ш. Нұсайн. Қазақша-орысша сөздік [Khusain K. Sh. Kazakh-Russian dictionary]. – Almaty, 2001. – 1005 b. [in Kaz.]
- [8] Айтқожа С. Ағылшын мәдениетіндегі «white» (ақ) түстің ұлттық-мәдени сипаты [National-cultural character of the color "white" in English culture] // Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «Filologicheskie nauki». – Almaty, 2011. – №2(36). – B.12-15. [in Kaz.]

[9] Vlasova E.A. Simvolika tsvetooboznacheniy v britanskom i amerikanskom variantah angliyskogo yazyka [Symbolism of color meanings in the British and American versions of the English language]: avtoref. diss. ... kand. filolog. nauk: 10.02.04. – M., 2008. – 24 s. [in Rus.]

## **ДЕНОТАТИВНАЯ И СТРУКТУРНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЙ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ**

\*Аухадиева З.Ж.<sup>1</sup>, Есенова Э.М.<sup>2</sup>, Кекилбаева Ж.Е.<sup>3</sup>, Нурпеисова Г.М.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** В представленной научной статье описано исследование денотативных и структурных особенностей цветообозначений на английском и казахском языках, используемых в легкой промышленности, в частности текстильной. В человеческой культуре, включая названия вида и цвета, в сознании любого народа всегда уделялось особое внимание восприятию мира и окружающей среды в физиологическом и эстетическом отношениях; интерес к цветовой и тоновой символике, являющейся актуальной проблемой, заставляет исследовать различные области науки, способствуя увеличению сферы их применения. Научное рассмотрение структурно-денотативной природы цветообозначений в английском и казахском языках, относящихся к флективным и агглютинативным языкам, определяет цель работы, поскольку названия цветов используются не только в произведениях искусства, но и в психологии, педагогике, философии, культурологии, медицине, живописи и могут быть отнесены к языковым единицам, включающим междисциплинарную основу для различных областей жизнедеятельности, таких, как изобразительное искусство, текстиль, дизайн, легкая промышленность, сельское хозяйство. В статье рассмотрены научно-теоретические работы представителей мирового и отечественного языкознания о символических и когнитивных особенностях цветообозначений. В ходе исследования использовались сравнительный и сопоставительный методы, метод морфологического анализа структурных особенностей цветообозначений, встречающихся в текстах.

Новизна данной статьи состоит в том, что названия цветообозначений, имеющих большое значение в текстильном производстве, а также способы создания их оттенков рассмотрены в сопоставлении английского и казахского языков для обоснования и определения важных направлений новых названий, появляющихся с течением времени. Научный результат статьи представлен посредством сбора и анализа цветообозначений и их оттенков в английском и казахском языках. Научно-практическая значимость научной работы предполагает использование результатов, полученных в ходе исследования, в практическом обучении и преподавании лекций, составлении глоссариев, литературы, переводов, научных отчетов, статей, дипломных работ, во всех областях, связанных с терминами цветообозначений, при составлении обучающих программ в сфере образования.

**Ключевые слова:** денотативный, значение, оттенок, специфика, лингвистика, морфология, символ, лексема, словообразование

## **DENOTATIVE AND STRUCTURAL CHARACTERISTICS OF COLOR DESIGNATION IN ENGLISH AND KAZAKH LANGUAGES**

\*Aukhadieva Zh.<sup>1</sup>, Esenova E.M.<sup>2</sup>, Kekilbaeva J.E.<sup>3</sup>, Nurpeisova G.M.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** The proposed scientific article provides a description of the study of denotative and structural features of color names in English and Kazakh languages used in the light industry, including textiles. In human culture, including the minds of any nation, special attention has always been paid to color names, physiological and aesthetic perception of the world, the environment,

interest in color and symbols make research in various fields of science and contribute to increasing the scope of their application. The scientific consideration of the structural and denotative nature of color names in English and Kazakh, which belong to inflective and agglutinative languages, determines the purpose of the work, because color names can be attributed not only to artistic works, but also to linguistic units, which include an interdisciplinary basis for various fields such as psychology, pedagogy, philosophy, cultural studies, medicine, painting and fine arts, textiles, design, light industry, agriculture. The article provides an overview of the scientific and theoretical works of representatives of the world and domestic linguistics on the symbolic and cognitive features of color names. In the course of the study, the method of comparison, the method of morphological analysis of the structural features of the names of species and colors found in the texts were used.

The novelty of this article is the comparative consideration of color names and ways of their shades in English and Kazakh, which are of significant importance in the textile industry, to justify and identify the most important directions of new names that appear with the passage of time. The scientific result of the article is the collection and study of color names in English and Kazakh, their shades. Scientific and practical significance of scientific work and the results obtained in the course of the study are recommended for use in practical training and lectures, in the compilation of glossaries, in the preparation of educational programs in the field of literature, translation, scientific reports, articles, theses, in all areas related to color terms.

**Keywords:** denotative, meaning, shade, specificity, linguistics, morphology, symbol, lexeme, word formation

*Мақала түсті: 17 наурыз 2022*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Аухадиева Зауреш Жумабаевна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы технологиялық университеті, e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

Есенова Эльмира Мингазилевна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: [yessenovaelmira@mail.ru](mailto:yessenovaelmira@mail.ru)

Кекилбаева Жазира Ембергеновна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: [nurai.79@mail.ru](mailto:nurai.79@mail.ru)

Нурпеисова Гульжахан Муратбековна – лектор, Алматы технологиялық университеті, e-mail: [g-nurpeissova@mail.ru](mailto:g-nurpeissova@mail.ru)

***Информация об авторах:***

Аухадиева Зауреш Жумабаевна – кандидат филологических наук, доцент, Алматинский технологический университет, e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

Есенова Эльмира Мингазилевна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: [yessenovaelmira@mail.ru](mailto:yessenovaelmira@mail.ru)

Кекилбаева Жазира Ембергеновна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: [nurai.79@mail.ru](mailto:nurai.79@mail.ru)

Нурпеисова Гульжахан Муратбековна – лектор, Алматинский технологический университет, e-mail: [g-nurpeissova@mail.ru](mailto:g-nurpeissova@mail.ru)

***Information about the authors:***

Aukhadiyeva Zhauresh Zhumabaevna – Ph.D., Associate Professor, Almaty Technological University, e-mail: [zauresh.59@mail.ru](mailto:zauresh.59@mail.ru)

Yesenova Elmira Mingazilovna – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: [yessenovaelmira@mail.ru](mailto:yessenovaelmira@mail.ru)

Kekilbayeva Zhazira Embergenovna – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: [nurai.79@mail.ru](mailto:nurai.79@mail.ru)

Nurpeisova Gulzhakhan Muratbekovna<sup>4</sup> – lecturer, Almaty Technological University, e-mail: [g-nurpeissova@mail.ru](mailto:g-nurpeissova@mail.ru)

